

## Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 96 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 қыркүйекте № 7631 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 178 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 08.01.2021 № 178 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11245 нөмірімен тіркелген) және Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту жөніндегі комиссия отырысының 2020 жылғы 22 шілдедегі № 06/1-6/4034 хаттамасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігіҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Г. Абдыкаликова*

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2020 жылғы 1 қыркүйегі  
№ 96 қаулысымен бекітілген

## Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері

--	--	--	--	--

№	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының атауы	Өлшем бірлігі	Мөлшері	Мерзімі
1	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	1 килограмм	313 теңге	90 күн

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК